



Qazaqstan Respublikasy Zańnama
jáne quqqytyq aqparat institutyńyń

JARSHYSY

gylymi-quqqytyq jýrnal №4 (67)-2021

Құрылтайшы және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты» ШЖҚ РМК
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.zqai.kz
сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға
арналған басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Сәрпеков Р.Қ. – з.ғ.к., Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
– (төраға)
Абайдідинов Е.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Барнаул, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Монсеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Унзила Шапақ – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)

Бас редактор

Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к.

Редакциялық алқа құрамы

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов, Ресей)
Жанғарашев Р.М. – LL.M (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Ишекков К.А. – з.ғ.д., доцент (Мәскеу, Ресей)
Қазбаева Ә.Ғ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Казиев З.Ғ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Қайырбаева Л.К. – PhD (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Киязова А.Ж. – LL.M (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Қоңыс В.Т. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрғазинов Б.Қ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Ғ. – PhD (Челябинск, Ресей)
Примашев Н.М. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек,
Қыргызстан)
Финк Д.А. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Редактор – **Колтубаева Г.Б.**
Беттеуші – **Тасирова А.С.**
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 17761-Ж 25.06.2019 ж.
(Алғашқы есепке қою кезі
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
101000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай-батыр даңғ.,
19, С-блогы, 306-каб., тел: 8 (7172) 26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Редакция бағанасы..... 7

Конституциялық және әкімшілік құқық

Р.Қ. СӘРПЕКОВ Қазақстан Республикасында

ғылыми құқықтық сараптама институтын

ұйымдастырудың қазіргі заманғы

новеллалары туралы 13

Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА Қазіргі кезеңде Қазақстан

Республикасында өзін-өзі басқару институтын

дамытуды қамтамасыз етудің құқықтық негіздері..... 21

С.К. УКИН Қазақстан Республикасының

егемендігі мен тәуелсіздігі кезеңіндегі құқықтық

жүйеде мемлекет рұқсат еткен әдет-ғұрыптардың

құқықтық табиғатын теориялық

және әдіснамалық талдаудың кейбір

мәселелері 31

Б.Ө. АЛТЫНБАСОВ*, А.Р. БАЯНБАЕВА

Заманауи жоғары оқу орындарын қалыптастыруда

жер мәселесінің рөлі мен маңыздылығы: саяси

және құқықтық аспектілері 40

Азаматтық және азаматтық-процестік құқық

М.А. ЕСТЕМИРОВ Сот практикасындағы

біріділік талабының сақталынбауы - қоғамның

сот билігіне деген сеніміне жасалған елеулі соққы..... 54

Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс

К.Х. РАХИМБЕРДИН*, М.Р. ГЕТА Қазақстан

Республикасының заңнамасы бойынша террористік

және экстремистік қылмыстар жасаған адамдарды

әкімшілік қадағалау: құқықтық реттеудің

кейбір аспектілері..... 61

Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА Қылмыстық және

азаматтық сот ісін жүргізудегі мерзімдердің

парасаттылығы мәселелері Халықаралық құқық

және салыстырмалы құқықтану 71

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану

Е.В. КРАВЧЕНКО*, Б. ШЛОЕР Германияның

Негізгі заңының 5-бабы мәнмәтініндегі

ар-намысқа нұқсан келтіру туралы істердегі

моральдық зиянды өтеу 79

А.А. СӘЛІМГЕРЕЙ Каспий акваториясына

теңіз құқығы бойынша халықаралық

келісімдерді қолдану шарттары 87

Құқықтық мониторинг	
А.Ғ. ҚАЗБАЕВА, А.Ө. ҚАЛИЕВА*	
«Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жетілдірудің кейбір мәселелері (сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы заңнаманы талдау нәтижелері)	97
А.Б. ҚАЙЖАҚПАРОВА, О.С. ҚАРАХОЖАЕВ* Салалық заңнама жүйесіндегі тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін институционалдық нығайту тәсілдері.....	
	108
Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практикасынан	
А.А. МЕДИНАЕВА Ғылыми лингвистикалық сараптаманың маңызы мен рөлі.....	
	118
Жас ғалым мінбері	
Б.Т. ТЛЕУЛЕСОВА ҚР Конституциялық Кеңесінің құқықтық ұстанымдары: конституциялық құқықтық реттеудегі мәні, заңдылық белгілері және маңызы	
	124
М.Е. САҒЫНАЕВ, Ә.Т. БАЙЗАҚОВ* Италияндық романист Антонио Гуариноның жазбаларындағы <i>ius publicum romanum</i> ұғымы	
	136
«Жаршының» архивтегі беттері	
Н.Н. ИСАҚ Доцент Н.М. Примашевтың Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) мен кейбір салалық заңнамадағы терминдік көпнұсқалылық: құқықтық-лингвистикалық тәсілдеме туралы ғылыми жарияланымына қайта оралғанда	
	145



ВЕСТНИК

Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан

научно-правовой журнал №4 (67)-2021

Учредитель и издатель:

РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан»

Издаётся с 2006 года

Все материалы журнала размещаются на сайте www.zqai.kz

Включен в перечень изданий для публикации основных научных результатов диссертаций по юридическим наукам (Приказ ККСОН МОН РК №894 от 30.05.2013 г.)

Состав Редакционного совета

Сарпеков Р.К. – к.ю.н., Заслуженный деятель Казахстана (Нур-Султан, Казахстан) – (председатель)

Абайдельдинов Е.М. – д.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)

Абызов Р.М. – д.ю.н. (Барнаул, Россия)

Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)

Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)

Мельник Р.С. – д.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)

Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)

Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва, Россия)

Рахметов С.М. – д.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)

Малиновский В.А. – д.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)

Унзила Шапак – д.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)

Главный редактор

Дюсенов Е.А. – к.ю.н.

Состав Редакционной коллегии

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)

Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов, Россия)

Джангарашев Р.М. – LL.M. (Нур-Султан, Казахстан)

Ишеков К.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)

Кабзаева А.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)

Казиев З.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)

Каирбаева Л.К. – PhD (Нур-Султан, Казахстан)

Киязова А.Ж. – LL.M. (Нур-Султан, Казахстан)

Конусова В.Т. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)

Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)

Нургазинов Б.К. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)

Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск, Россия)

Примашев Н.М. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)

Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Каменогорск, Казахстан)

Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек, Кыргызстан)

Финк Д.А. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)

Редактор – **Колтубаева Г.Б.**

Верстка – **Тасирова А.С.**

Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Свидетельство о постановке на учет СМИ № 17761-Ж от 25.06.2019 г. Комитета информации Министерства информации и коммуникаций Республики Казахстан (Первичная постановка на учет №6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес: Республика Казахстан, 010000, г. Нур-Султан, пр. Кабанбай батыра, 19, блок С, каб. 306, тел.: 8 (7172) 26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Колонка редакции9

Конституционное и административное право

Р.К. САРПЕКОВ О современных новеллах

организации института научной правовой экспертизы в Республике Казахстан..... 13

Л.Т. ЖАНУЗАКОВА Правовые основы обеспечения развития института местного самоуправления в Республике Казахстан

на современном этапе21

С.К. УКИН Некоторые вопросы теоретико-методологического анализа правовой природы обычаев, санкционированных государством в правовой системе Республики Казахстан

периода суверенитета и независимости.....31

Б.О. АЛТЫНБАСОВ*, **А.Р. БАЯНБАЕВА**

Роль и значение земельных вопросов

в формировании современных вузов:

политические и правовые аспекты.....40

Гражданское и гражданско-процессуальное право

М.А. ЕСТЕМИРОВ Несоблюдение единообразия

в судебной практике как удар по доверию

общества к судебной ветви власти54

Уголовное право и уголовный процесс

К.Х. РАХИМБЕРДИН*, **М.Р. ГЕТА**

Административный надзор за лицами, совершившими террористические и экстремистские преступления по законодательству Республики Казахстан: некоторые аспекты правового регулирования61

Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА Вопросы

разумности сроков в уголовном

и гражданском судопроизводстве71

Международное право и сравнительное правоведение

Е.В. КРАВЧЕНКО*, **Б. ШЛОЕР** Компенсация

морального вреда в делах об умалении чести..... 79

в контексте ст. 5 Основного закона Германии

А.А. САЛИМГЕРЕЙ Условия применения

международных соглашений по морскому праву

к акватории Каспия87

СОДЕРЖАНИЕ

Правовой мониторинг

А.Г. КАЗБАЕВА, А.У. КАЛИЕВА* Некоторые вопросы совершенствования Закона Республики Казахстан «О торговом мореплавании» (результаты анализа законодательства в сфере торгового мореплавания)	97
А.Б. КАЙЖАКПАРОВА, О.С. КАРАХОЖАЕВ* Подходы к институциональному укреплению государственных символов независимого Казахстана в системе отраслевого законодательства	108
Из практики законотворчества на государственном языке	
А.А. МЕДИНАЕВА Значение и роль научной лингвистической экспертизы	118
Трибуна молодого ученого	
Б.Т. ТЛЕУЛЕСОВА Правовые позиции Конституционного Совета РК: сущность, юридические признаки и значение в конституционном правовом регулировании	124
М.Е. САГИНАЕВ, А.Т. БАЙЗАКОВ* Понятие <i>ius publicum romanum</i> в трудах итальянского романиста Антонио Гуарино	136
Архивные страницы «Вестника»	
Н.Н. ИСАК Возвращаясь к научной публикации доцента Н.М. Примашева о терминологической поливариантности Особенной части Гражданского кодекса Республики Казахстан и некоторых отраслевых законодательств: правовая лингвистическая методология	145



Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

JARSHYSY

scientific and legal journal №4 (67)-2021

Founder and publisher:
RSE on the REM «Institute of Legislation and Legal information of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed on the website
www.zqai.kz
Included in the list of publications of basic scientific results of dissertations on legal sciences (Order CCES MES RK №894 from 05.30.2013)

Editorial Council members

Sarpekov R.K. – *c.j.s., Honored Personality of Kazakhstan (Nur-Sultan, Kazakhstan) – (Chairman)*
Abayeldinov E.M. – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Abyzov R.M. – *d.j.s. (Barnaul, Russian)*
Belih V.S. – *d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)*
Gubin E.P. – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
Melnik R.S. – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Moiseev A.A. – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
Muromcev G.I. – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
Rahmetov S.M. – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Malinovski V.A. – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Unzila Shapak – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

Chief Editor

Dyussenov Ye.A. – *c.j.s.*

Editorial Board members

Azer Aliyev – *PhD (Kiel, Germany)*
Bainiyazova Z.S. – *c.j.s. (Saratov, Russian)*
Dzhangarashev R.M. – *LLM (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Ishekov K.A. – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
Kazbayeva A.G. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Kaziyev Z.G. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Kairbaeva L.K. – *PhD (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Kiyazova A.Zh. – *LLM (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Konusova V.T. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Kulzhabayeva Zh.O. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Nurgazinov B. K. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Nurmagambetov R.G. – *PhD (Chelyabinsk, Russian)*
Primashev N.M. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Rakhimberdin K.H. – *d.j.s. (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)*
Tegizbekova Zh.Ch. – *c.j.s. (Bishkek, Kyrgyzstan)*
Fink D.A. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

Editor – **Koltubaeva G.B.**

Layout – **Tasirova A.S.**

Tel.: 8 (7172) 26-61-29

The certificate of registration of mass media №17761-G from 25.06.2019 from the Information Committee of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan (Number and date of primary registration №6592-Zh.07.09.2005.)

Address: The Republic of Kazakhstan, 010000, Nur-Sultan, Kabanbay-batyr ave., 19, block C, office 306, tel.: 8(7172)26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Editorial 11

Constitutional and Administrative Law

R.K. SARPEKOV On innovations in organization of the institute of academic legal expertise in the Republic of Kazakhstan 13

L.T. ZHANUZAKOVA Legal framework for development institute of local self-government in the Republic of Kazakhstan at a modern stage 21

S.K. UKIN Certain issues of theoretical and methodological analysis of the legal nature of customs sanctioned by the State in the legal system the Republic of Kazakhstan during the period of sovereignty and independence 31

B.O. ALTYNBASSOV*, A.R. BAYANBAYEVA The role and importance of land issues in the establishment of modern universities: political and legal aspects 40

Civil and Civil Procedure Law

M.A. YESTEMIROV Non-compliance with uniformity in judicial practice as a blow to public confidence to the judicial branch 54

Criminal law and Criminal procedure

K.K. RAKHIMBERDIN*, M.R. GETA Administrative supervision of persons committing terrorist and extremist crimes under the law of the Republic of Kazakhstan: some aspects of legal regulation 61

E.N. KALIAKPEROVA Questions of the reasonableness time in criminal and civil proceedings 71

International law and Comparative law

E.V. KRAVCHENKO*, B. SCHLOER Non-pecuniary damage compensation in cases of infringement of honour in the scope of article 5 of the Basic law of Germany 79

A.A.SALIMGEREY Conditions for the application of international agreements on the law of the sea to the Caspian Sea 87

Legal monitoring

A.G. KAZBAYEVA, A.U. KALIYEVA* Certain improvement issues the Law of the Republic of Kazakhstan «On Merchant Shipping» (results of the analysis of legislation in the field of merchant shipping) 97

CONTENT

A.B. KAIZHAKPAROVA, O.S. KARAKHOZHAYEV* Approaches to institutional strengthening state symbols of independent Kazakhstan in the system of industry legislation.....	108
From the lawmaking practice in the official language A.A. MEDINAYEVA The significance and role of scientific linguistic expertise	118
Young researchers' tribune B.T. TLEULESOVA Legal positions of the Constitutional Council of the RK: essence, legal signs and significance in the constitutional legal regulation.....	124
M.E. SAGINAYEV, A.T. BAIZAKOV* The concept of ius publicum romanum in the writings of the italian novelist Antonio Guarino	136
The archive pages of the «Bulletin» N.N. ISSAK Returning to the publication of assistant professor N. Privashev on the terminological multiplicity of the Special part of the civil code of the Republic of Kazakhstan and some sectoral legislation: legal linguistic methodology.....	145

СОТ ПРАКТИКАСЫНДАҒЫ БІРІЗДІЛІК ТАЛАБЫНЫҢ САҚТАЛЫНБАУЫ – ҚОҒАМНЫҢ СОТ БИЛІГІНЕ ДЕГЕН СЕНІМІНЕ ЖАСАЛҒАН ЕЛЕУЛІ СОҚҚЫ

Марат Асанұлы Естеміров

М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті Жеке құқық департаментінің оқытушысы, PhD; Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., e-mail: m_estemirov@kazguu.kz

Аннотация. Жеке құқық нормаларын түсіндіру және қолдануда соттардың аралуан жауап беруі яғни, кереғар позициялар отандық сот практикасында жиі кездеседі. Бұл бүгінгі отандық сот корпусы, қала берсе, жалпы қазақстандық құқық қауымдастығының белсене араласуы, ұжымдаса отырып түзетуі тиіс өткір мәселелердің бірі.

Қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 438-бабының 6-тармағы 3)-тармақшасында «қабылданған қаулы соттардың құқық нормаларын түсіндіруіндегі және қолдануындағы бірізділікті бұзатын жағдайларда, осы Кодекстің 434-бабының үшінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген, заңды күшіне енген сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарауға негіздер болып табылады» деген мазмұндағы ереже бекітілген. Сипатталған бұл ереже мазмұнынан заң шығарушының бірізділік талабын азаматтық құқықтық дауларды шешу барысында сақталынуы тиіс қағидаттар санатына енгізгендігін оқып білеміз.

Мақалада автор бірізділік талабы бұзылған жағдайларды сипаттау үшін нақты мысалдарды арқау ретінде ала отырып, бұл мәселеге оқырман назарын аударады. Келтірілген мысалдар корпоративтік құқық, банкроттық құқық, мәміле, заттық құқық, зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттеме деп жекелеген тақырыптар бойынша орналастырылған. Искерлік айналым барысында не күнделікті өмірде туындайтын аралуан құқықтық сауалдарға қатысты отандық сот корпусында бірізділіктің сақталынбауы, бұқара халықтың сот билігіне деген сеніміне селкеу түсіретін факті екендігін автор атап көрсетеді. Автор бұл мәселеге бей-жай қарамауды ұсынады және бұл сауалдың оң шешімінің сот билігіне деген сенімнің артуына әкелетіндігіне назар аударады. Ал, қоғамдағы беделі жоғары сот билігінің ел экономикасына инвестиция салу тартымдылығына әкелетіндігі жайлы өз пайымдарын ортаға салады.

Түйін сөздер: бірізділік талабы, сот практикасы, жалпы жиналыс шешімін даулау, кредиторлар талаптарының тізіліміне талапты ендіру, кредиторлар жиналысында дауыс беру, ортақ үлестік меншік, мәміле жарамсыздығының салдары

НЕСОБЛЮДЕНИЕ ЕДИНООБРАЗИЯ В СУДЕБНОЙ ПРАКТИКЕ КАК УДАР ПО ДОВЕРИЮ ОБЩЕСТВА К СУДЕБНОЙ ВЕТВИ ВЛАСТИ

Естемиров Марат Асанұлы

Преподаватель департамента частного права, Университета КАЗГЮУ имени М.С. Нарикбаева, PhD; Республика Казахстан, г.Нур-Султан, e-mail: m_estemirov@kazguu.kz

Аннотация. Порой мы становимся свидетелями ситуации, когда со стороны отечественных судов не соблюдаются единообразие в толковании и применении правовых норм в решении гражданско-правовых споров. По нашему мнению, помимо отечественного судебного корпуса, в работе над разрешением этого вопроса и в улучшении этой ситуации активное участие также должно принимать и правовое сообщество страны.

В ныне действующей редакции пп. 3) п.6 ст.438 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан «случаи, когда принятое постановление нарушает единообразие в толковании и применении судами норм права» является одним из оснований к пересмотру в кассационном порядке вступивших в законную силу судебных актов, указанных в частях третьей и пятой статьи 434 ГПК РК.

Автор на примере конкретных гражданско-правовых споров обращает внимание читателя на факты несоблюдения единообразия в судебной практике. Приведенные примеры размещены по следующим блокам, таким как корпоративное право, банкротное право, сделки, вещное право, обязательства из причинения вреда. Как полагает автор, несоблюдение единообразия в разрешении гражданско-правовых споров может негативно отразиться на доверии общества ко всему судебному корпусу. Судебная ветвь власти, имеющая высокое доверие в обществе, является одним из надежных опор в привлечении инвестиций. Учитывая это, автор предлагает не оставить данный вопрос без внимания.

Ключевые слова: единообразие, судебная практика, оспаривание решений общего собрания, включение требования в реестр требований кредиторов, голосование в собрание кредиторов, общая долевая собственность, последствия недействительности сделки

NON-COMPLIANCE WITH UNIFORMITY IN JUDICIAL PRACTICE AS A BLOW TO PUBLIC CONFIDENCE TO THE JUDICIAL BRANCH

Marat Asanuly Yestemirov

Lecturer of the Department of Private Law, M.S. Narikbayev KAZGUU University, PhD; Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, e-mail: m_estemirov@kazguu.kz

Abstract. Sometimes we witness a situation when, on the part of local courts, uniformity in the interpretation and application of legal norms in the resolution of civil disputes is not observed. In our opinion, in addition to the local judicial corps, the country's legal community should also take an active part in resolving this issue and improving this situation.

In the current version of paragraph 3) paragraph 6 of Article 438 of the Civil Procedure Code of the Republic of Kazakhstan “cases when the adopted resolution violates the uniformity in the interpretation and application of the law by courts” is one of the grounds for the review in cassation of judicial acts that have entered into force, specified in parts three and five of Article 434 of the CPC RK.

The author, using the example of specific civil law disputes, draws the reader's attention to the facts of non-compliance with uniformity in judicial practice. The given examples are placed in the following blocks as, corporate law, bankruptcy law, transactions, property law, obligations from causing harm. According to the author, non-compliance with uniformity in the resolution of civil law disputes may negatively affect public confidence in the entire judicial corps. The judicial branch of government, which has high trust in society, is one of the reliable supports in attracting investment. Considering this, the author suggests not to leave this issue without attention by local legal community.

Keywords: uniformity, judicial practice, challenging decisions of the general meeting, inclusion of a claim in the register of creditors' claims, voting in the creditors' meeting, shared ownership, consequences of the invalidity of the transaction

DOI: 10.52026/2788-5291_2021_67_4_54

Кіріспе. Әлемнің көптеген мемлекеттерінде қолданылатын тепе-теңдік және тежемелік жүйесіне сәйкес билік жүйесі атқару, заң шығарушы және сот тармақтары деп бөлінеді. Бұл жүйе қазіргі қолданыстағы

отандық Конституция талаптарына сәйкес біздің елде де орнықтырылған. Қоғамдағы, жалпы бұқара халықтың арасындағы беделі биік сот тармағы – ел тәуелсіздігінің, егеменділігінің берік тұғырларының бірі. Биыл

тәуелсіздігінің отыз жылдығын атап өткелі жатқан елімізде сот тармағы биліктің жеке дербес бір саласы ретінде толықтай қалыптасты және жалпылай алғанда, осы тәуелсіздік жылдары өзіне артылған орасан міндеттерді абыроймен атқарып келді деп жоғары баға беруімізге болады. Дегенмен, отандық сот корпусына деген қоғамның сенімін бұдан әрі арттыру үшін бүгінгі таңдағы жетістікке малданбай, кемелдендіру істерін бір сәтте тоқтатпаған жөн. Сол себепті, осы бір шағын зерттеу еңбегінде сот тармағы қызметінің жекелеген қырларына атап айтқанда, сот практикасындағы бірізділік талабының сақталынбауының нақты мысалдарына оқырман назарын аударып, мұның теріс салдарлары мен түзету жолдарына тоқталмақпыз.

Зерттеуде қолданылған материалдар мен әдістер. Мақаланы әзірлеу барысында отандық сот практикасына мейлінше жан-жақты талдау жүргізілді. Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ресми сайтындағы «Сот кабинеті», bestprof.kz платформасындағы ресурстар кеңінен қолданылды. Сонымен бірге, мақалға арқау ретінде алынған сұрақтар бойынша қалам тартқан отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне жіті назар аударылды. Зерттеу барысында жалпы ғылыми тәсілдер қолданылды.

Мақаланың негізгі ережелері. Нақты істерді шешу барысында бірізділік талабының республика соттары тарапынан сақталынбауындағы кінәнің бір ұшы жалпылай алғанда, отандық құқық қауымдастығында жатыр деп пайымдаймыз. Осы тұста қолданылған «құқық қауымдастығы» сөзінің аясында бірінші кезекті, біз еліміздегі құқық факультеттерінің профессорлық-оқытушылар құрамын меңзеудеміз. Мысалы, кез-келген бір көлікті алалық. Көлік А пунктінен Б пунктіне жолаушыларды аман-есен жеткізу үшін көліктің барлық құралдары жақсы жұмыс істеуі қажет. Бұл тұста, құқық факультеттеріндегі профессорлар мен оқытушылар құрамын осы көліктің жарық беру жүйесімен теңестіруге болады. Көліктің жарық беру жүйесі мүлтіксіз жұмыс істесе, көлік жүргізушісі алдындағы жолдың тегіс не ой-шұңқыры бар екендігінен дер кезінде хабардар болып, қажетті қадамдарды жасап отырады. Осы мысалда сипатталғандай құқық факультеттерінің профессорлары мен оқытушылар құрамы құқыққолдану тәжірибесіндегі көкейкесті өзекті сауалдарды жарыққа шығаруға, шешу жолдарын ұсынуға әралуан зерттеулер жүргізіп, мақалалар жа-

зып қазіргіден де белсене араласса бүгінгі күн тәртібінде тұрған бірқатар сауалдардың оң шешімі табылған болар еді.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты да (*бұдан әрі – ҚР ЖС*) әрине, белсенді болуы қажет. ҚР ЖС аналитикалық бөлімдерінің қызметкерлері еліміздегі құқық факультеттерінің профессорлары, оқытушыларымен тікелей байланыс орнатса, олардың жүргізген зерттеу нәтижелерінен хабардар болып отырса, сөйтіп, қажетті орынды ұсыныстарын дер кезінде іске асырса құба-құп болар еді. Мысалы, ресейлік зерттеуші А.Г. Карапетов сот иерархиясының ең шыңында тұратын жоғарғы соттың келесідей екі функцияны атқаратындығы атап айтқанда, *біріншіден*, төменгі сатылардағы соттар жіберген қателіктерді түзетіп, заңды шешімдерді шығаратындығы, *екіншіден*, төменгі сатылардағы соттардың практикасын унификациялауды жүргізетіндігі жайлы мағлұмат береді [1]. ҚР ЖС бүгінгі таңда атқарып жатқан пайдасы мол шаруалары, қол жеткізген едәуір оң өзгерістері мен жағымды жаңалықтары да жетерлік. Осындай жағымды жаңалықтар ретінде ҚР ЖС бюллетеньдерінің 2013 жылдан бергі әрбір айда жарық көрген нөмірлерінің барлығының оқырманға ашық қол жетімді етіліп қойылуын, сот кабинеті арқылы сот практикасымен танысу мүмкіндігінің ұсынылуын, ҚР ЖС ұйытқы болуымен әралуан ғылыми-практикалық конференциялардың ұйымдастырылып, өткізілулерін айтуға болады.

Әдебиеттерде сот практикасының сапасына ықпал ететін факторлар ретінде келесі мән-жайлар аталып көрсетіледі: *біріншіден*, істерді шешу барысында сот басшылыққа алатын материалдық құқықтың сапасы; *екіншіден*, сотта іс жүргізу ережесін айқындайтын процессуальдық құқықтың сапасы және *үшіншіден*, сот жүйесінің ұйымдастырылуы [2, б.284]. Әрине, осы факторлардың бірінен олқылық кетіп, сот практикасында бірізділік талабының сақталынбай қалуы да кездесіп қалып жатады. Дегенмен, бірізділік талабының сот практикасында сақталынбауына бұл факторлар емес, көп жағдайларда, сот практикасындағы бірізділікті қалыптастыру мақсатындағы отандық құқық қауымдастығы тарапынан белсенді іс-әрекеттерінің болмауы себеп болып жатады. Сонымен, бұдан әріде сот практикасындағы бірізділік талабының сақталынбауына қатысты өзіміз байқаған нақты мысалдарды тақырыптарға орай бөліп таңбалап көрсетпекпіз.

Талқылаулар

Корпоративтік құқық.

I. «Корпоративтік құқық» бағыты айқындалған сот практикасындағы алғашқы қайшылық *«Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – ЖШС, серіктестік) қатысушысы серіктестіктің жарғылық капиталына салым салып, бірақ ол салым (сома) кәсіпкерлік қызмет барысында жұмсалған жағдайда, банкроттық басқарушы жарғылық капитал мөлшерін қатысушыдан өндіріп ала алады ма»* мына сұраққа қатысты болып тұр. Атап айтқанда, Павлодар облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (бұдан әрі – МАЭС) 2013 жылдың 23 мамырдағы №2-2606/2013, осы соттың 2013 жылдың 12 желтоқсанындағы №2-7268/2013 және МАЭС 2013 жылдың 05 қарашасындағы № 2-6218/2013 шешімдерінде **«ия, өндіріп ала алады»** деп жауап берілсе, ал, Астана қаласының МАЭС 2013 жылдың 03 қаңтарындағы № 02-7-13 шешімінде **«жоқ, өндіріп ала алмайды»** деген жауап берілген;

II. *«Заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру атап айтқанда, бір заңды тұлға екіншісіне қосылған ретте алдыңғысының жұмыс өтілі екіншісіне ауысады ма»* деген сауалға да қатысты отандық сот практикасында әрлауан байлам жасалған. Мысалы, Қарағанды облыстық МАЭС 2020 жылдың 20 маусымындағы № 3514-20-00-2/2116 шешімінде, ҚР ЖС 2016 жылдың 16 мамырындағы Зг-430/2-16 қаулысында **«ия, ауысады»** деген байлам жасалса, ал, Қостанай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2018 жылдың 29 тамызындағы № 2а – 1839 қаулысында **«жоқ, ауыспайды»** деген кереғар байламға келген;

III. *«Тұтыну кооперативіне мүше ретінде қабылдану сәтінде төленген кіру жарнасы аталған тұлға кооператив мүшелігінен шыққан жағдайда кері қайтарылады ма»* деген сауалға да қатысты бір-біріне кереғар екі позиция қалыптасқан. Атап айтқанда, Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2017 жылдың 29 маусымындағы №7199-17-00-2а/2967 қаулысында **«ия, қайтарылады»** деген байлам жасалса, ал, Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылдың 03 маусымындағы №1199-19-00-2а/1386 қаулысында, Ақмола облысы МАЭС 2020 жылдың 12 ақпанындағы №1112-19-00-2/4499 шешімі мен Ақмола облысы Көкшетау қалалық сотының 2018 жылдың 16 қаңтарындағы №1110-17-00-2/11503 шешімінде **«жоқ, кері қайтарылмайды»**

деген байлам берілген;

IV. *«Тұтыну кооперативі мен оның мүшесінің арасындағы дау корпоративтік дау санатына жатады ма»* деген келесі мәселеге де қатысты кереғар позициясы қалыптасқан. Мысалы, Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2018 жылдың 04 желтоқсанындағы №1199-18-00-2а/2499 қаулысында **«ия, жатады»** деген жауап берілсе, ал, Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылдың 30 қазандағы № 1199-19-00-2/21 ұйғарымында **«жоқ, жатпайды»** деген жауап ұсынылған;

V. *«Жалпы жиналыстың шешімдерін даулауға болатын алты айлық мерзімді сот өз бетімен қолдана алады ма»* деген келесі бір сауалға да қатысты сот практикасында ортақ ұстаным жоқ. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылдың 28 шілдесіндегі №2а – 3750-20 қаулысында жалпы жиналыстың шешімдерін даулауға арналған алты айлық мерзімнің өтіп кеткендігі жайлы жауапкер тараптың өтінім беруі қажет еместігі, бұл мерзімді сот өз бетінше дербес **«қолдана алатындығы»** жөнінде байлам жасалған. Ал, Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылдың 30 қаңтарындағы №7199-18-00-2а/9401 қаулысында жалпы жиналыс шешімін даулауға арналған алты айлық мерзімді соттың өз бетінше **«қолдана алмайтындығы»** туралы байлам жасалған;

Банкроттық құқық

VI. *«Банкроттық басқарушыға жоғары мөлшерде сыйақы төлеу туралы кредиторлар жиналысының шешімдерін уәкілетті орган даулау барысында банкроттық басқарушыны жауапкер ретінде көрсете алады ма»* деген сауалға да қатысты кереғар позициялар анықталуда. Атап айтқанда, Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2017 жылдың 21 маусымындағы №2а/2427 қаулысында жалпылай алғанда, **«ия, көрсете алады»** деген жауап беріліп, талап қанағаттандырылса, ал, Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2017 жылдың 31 қаңтарындағы № 5599-16-00-2а/2661 қаулысында **«жоқ, көрсете алмайды»** деген жауап беріліп, мұны талапты қанағаттандырусыз қалдырудың бір негізі ретінде көрсеткен;

VII. *«Банкроттық рәсім аясында кредиторлар талаптарының тізіліміне өз талабын мерзімінде ұсынбаған банкке креди-*

торлар жиналысында дауыс беру құқығы ұсынылады ма» деген сауалға да қатысты ортақ ұстаным жоқ. Мысалы, Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылдың 04 маусымындағы № 7599-20-00-2а/4054 қаулысында **«ия, дауыс беру құқығы ұсынылады»** деген жауап берілсе, ал, Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылдың 24 шілдесіндегі №1999-19-00-2а/1399 қаулысында **«жоқ, дауыс беру құқығы ұсынылмайды»** деген жауап берілген;

Заттық құқық. VIII. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – ҚР АҚ) 212-бабының 2-тармағында *«Үлесті меншікке әрбір қатысушы өзінің үлесін өз қалауы бойынша сатуға, сыйға тартуға, өсиет етуге, кепілге беруге, не осы Кодекстің 216-бабында көзделген шарттарды сақтай отырып, оған өзгеше түрде билік етуге құқылы»* деген мазмұндағы ереже бекітілген. Осы ретте туындайтын *«ортақ үлестік меншікте үлесі бар тұлға, өзінің үлесін үшінші тұлғаларға үлестес меншіктестерінің келісімін алмастан сыйға береді алады ма»* деген сауалға қатысты отандық сот практикасында кезекті кереғар ұстаным қалыптасқан.

Ортақ үлестік меншіктегі үлесті үшінші тұлғаларға сыйға беру үшін ортақ үлестік меншіктегі өзге үлескерлердің «келісімі алынуы қажет»

Қостанай облыстық сотының 2017 жылдың 18 қаңтарындағы №3999-16-2а/2448/2016 қаулысы: Ортақ үлестік меншіктегі пәтерде үлесі бар талап қоюшы, осы пәтердегі үлестің өзге бөлігін иеленетін меншіктесінің өз үлесін үшінші тұлғаға мұның келісімін алмастан сыйға тартуын даулап сотқа жүгінді. Талап қоюшының пайымдауынша, ортақ үлестік меншіктегі үлесті сыйға тартуға осы мүліктегі өзге үлестерді иеленетін меншіктес тұлғалардың келісімі алынуы қажет. Бірінші сатыдағы сот талапты қанағаттандырып, талап қоюшының позициясының дұрыстығын атап айтқанда, ортақ үлестік меншіктегі үлесті сыйға тартуға келісімнің алынуы қажеттігін қуаттады. Бұл ұстаным апелляциялық сатыдағы сот тарапынан да қуатталды.

Қостанай облыстық сотының 2017 жылдың 18 қаңтарындағы №3999-16-2а/2472/2016 қаулысы: Ортақ үлестік меншіктегі пәтерде үлесі бар талап қоюшы, осы пәтердегі үлестің өзге бөлігін иеленетін меншіктесінің өз үлесін үшінші тұлғаға мұның

келісімін алмастан сыйға тартуын даулап сотқа жүгінді. Талап қоюшының пайымдауынша, ортақ үлестік меншіктегі үлесті сыйға тартуға осы мүліктегі өзге үлестерді иеленетін меншіктес тұлғалардың келісімі алынуы қажет. Бірінші сатыдағы сот талапты қанағаттандырып, талап қоюшының позициясының дұрыстығын атап айтқанда, ортақ үлестік меншіктегі үлесті сыйға тартуға келісімнің алынуы қажеттігін қуаттады. Бұл ұстаным апелляциялық сатыдағы сот тарапынан да қуатталды.

Ортақ үлестік меншіктегі үлесті үшінші тұлғаларға сыйға беру үшін ортақ үлестік меншіктегі өзге үлескерлердің «келісімі алынуы қажет емес»

Алматы қалалық сотының 2017 жылдың 26 маусымындағы №2а-3505/2017 қаулысы: Ортақ үлестік меншіктегі пәтерде үлесі бар талап қоюшы, осы пәтердегі үлестің өзге бөлігін иеленетін меншіктесінің өз үлесін үшінші тұлғаға мұның келісімін алмастан сыйға тартуын даулап сотқа жүгінді. Бірінші сатыдағы сот үлес сыйға тартылған ретте келісімнің қажет етілмейтіндігіне сілтеме жасап, талапты қанағаттандырусыз қалдырды. Бұл ұстаным апелляциялық сатыдағы сот тарапынан да қуатталды.

Қостанай облыстық сотының 2016 жылдың 24 ақпанындағы №3999-16-2а/97 қаулысы: Ортақ үлестік меншіктегі үйде үлесі бар талап қоюшы, осы үйдегі үлестің өзге бөлігін иеленетін меншіктесінің өз үлесін үшінші тұлғаға мұның келісімін алмастан сыйға тартуын даулап сотқа жүгінді. Бірінші сатыдағы сот үлес сыйға тартылған ретте келісімнің қажет етілмейтіндігіне сілтеме жасап, талапты қанағаттандырусыз қалдырды. Бұл ұстаным апелляциялық сатыдағы сот тарапынан да қуатталды.

Астана қалалық сотының апелляциялық сот алқасының 2017 жылдың 17 қарашысындағы 7199-17-00-2а/5650 қаулысы: Ортақ үлестік меншіктегі пәтерде үлесі бар талап қоюшы, осы пәтердегі үлестің өзге бөлігін иеленетін меншіктесінің өз үлесін үшінші тұлғаға мұның келісімін алмастан сыйға тартуын даулап сотқа жүгінді. Бірінші сатыдағы сот үлес сыйға тартылған ретте келісімнің қажет етілмейтіндігіне сілтеме жасап, талапты қанағаттандырусыз қалдырды. Бұл ұстаным апелляциялық сатыдағы сот тарапынан да қуатталды.

Мәмілелер

IX. *«Әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтың жасасқан мәмілесі кейіннен жарамсыз деп танылған жағдайда осы*

мәміле бойынша төленген сома кері қайтарылады ма» деген сауалға да қатысты сот практикасында кереғар позиция байқалуда.

«Жоқ, кері қайтарылмайды»

Астана қаласының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2014 жылдың 16 қаңтарындағы № 2А-6810 қаулысы

Талап қоюшы Д., өзінің өкілі арқылы сотқа жүгініп, өзіне келтірілген 2 221 000 теңге залал сомасын Ш-дан өндіріп беруді талап етеді. Талап қоюшы өзінің талап-арызында келесі мән-жайларды алға тартты. Атап айтқанда, 2011 жылдың 22 қыркүйегінде талап қоюшы Д., және С.П. арасында пәтерге қатысты сатып алу сату шарты жасалған. Ал, 2012 жылдың 27 шілдесінде пәтерді сатушы С.П., сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз деп танылып, 2013 жылдың 13 наурызында оған қорғаншы ретінде Ш., тағайындалған. Енді, қорғаншы Ш., тараптардың арасында жасалынған жоғарыдағы сатып алу сату шартын жарамсыз деп тану туралы талап-арызымен сотқа жүгінген. Істі қараған сот ҚР АҚ 159-бабының 5-тармағына сүйене отырып, аталған шартты жарамсыз деп таныған және соттың бұл шешімі заңды күшіне енген. Алайда, мәмілені жарамсыз деп тану барысында пәтер үшін Д-ның төлеген сомасы кері қайтарылмаған. Осы себепті, Д., ҚР АҚ 928-бабының 1-тармағы және 930-бабының 3-тармағына сүйеніп, пәтер үшін төлеген өзінің сомасын кері қайтарып беруді қорғаншы Ш-дан талап еткен. Алайда, бірінші сатыдағы сот талапты қанағаттандырусыз қалдыру туралы байламға келеді және мұны келесідей ережелермен негіздейді. Атап айтқанда, талап қоюшы бұл ретте келтірілген зиянның орнын толтыруды емес, жарамсыз мәміле бойынша төленген соманы кері қайтарып беруді талап еткендіктен, ал, С.П. ешбір зиян келтірмегендіктен, бұл жағдайда ҚР АҚ 928-бабының ережелері қолданылмайды деген қорытындыға келеді. Сот бұл жағдайда ҚР АҚ 48 тарауымен «Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттеме» реттелетін қатынастар туындады деп пайымдап, негізсіз баю салдарына қорғаншының жауапты емес екендігі жайлы қорытындыға келеді. Бірінші сатының бұл байламын апелляциялық саты да қуаттады.

«Ия, кері қайтарылады»

Алматы облыстық сотының кассациялық сот алқасының 2014 жылдың 13 тамызындағы №2к-656/2014 қаулысы

Талап қоюшы К., жарамсыз мәміле бойынша берілген қаражатты А-дан кері талап

етіп сотқа жүгінді. Талап-арыздың негіздемесі ретінде келесідей мән-жайларды алға тартты. Атап айтқанда, 2012 жылдың 31 наурызында өзінің жауапкер А-дан 4 130 000 теңгеге үй сатып алғандығын, алайда, аталған сатып алу сату шартының кейіннен ҚР АҚ 159-бабының 7-тармағына сәйкес жарамсыз деп танылғандығын жеткізді. Осы себепті, талап қоюшы К., өзі төлеген аталған соманы А-дан талап етті. Бірінші сатыдағы сот ҚР АҚ 928-бабының ережелеріне сүйене отырып, талап қоюшы төлеген соманы А-дан өндіруге болады деген байламға келеді. Аталған соманы әрекетке қабілетсіз деп танылған тұлғаның өзінен өндіру туралы байлам жасау барысында аталған тұлғаға қорғаншы ретінде тағайындалған Ж-ның жұмыс істемейтіндігі, аталған соманы кері қайтаруға жеткілікті қаражатының жоқтығы және мәміле жасасу сәтіне тікелей қатыспағаны да ескеріледі. Бірінші сатының бұл байламы кейінгі сот сатылары тарапынан да қуатталады.

Зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттеме

Х. *«Марқұмның қырқына, жылына ас беруге жұмсалатын қаражатты кінәлі тараптан өндіріп алуға бола ма»* деген сауалға да қатысты кереғар ұстанымдар сот практикасында кездесіп қалуда.

«Жоқ, болмайды»

Павлодар облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2017 жылдың 11 тамызындағы №1а/253/2017 қаулысы

Сот үкімімен қылмыскер Р-ға жәбірленуші С., пен Е-ге дене жарақаттарын салғаны үшін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Сот алынған дене жарақаттары салдарынан өмірден өткен Е-ның туған әпкесі Б-ның моральдық және мүліктік зиянды кінәлі Р-дан өндіру талабын қанағаттандырады. Өндірілген мүліктік зиян сомасының құрамына жерлеу күні берілген аспен бірге, қыркын беруге жұмсалған сомадан қосыла есептелген еді. Іс апелляциялық тәртіпте қаралу кезінде өндірілген соманың мөлшерінен қыркын жұмсалған қаражатты алып тастау жайлы байлам жасалады. Бұл ретте, апелляциялық саты «Республика соттарының денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі №9 нормативтік қаулысының 12-тармағына *«Соттар өтелуге тиіс жерлеу шығындарына жерлеуге тікелей қатысы бар қажетті шығындар (табыт жасауға,*

өлген адам үшін киім, венюк сатып алуға, зират қазуға, марқұмды жерлеу орнына жеткізу және т.б. арналған шығындар) ғана жататынын ескеруі қажет. Ескерткіш пен қоршау орнатуға арналған шығындар да өтелуге тиіс, бұл орайда оларды әзірлеудің нақты сомасы алынады, бірақ ол сол жерде орнатылған стандартты ескерткіштер мен қоршаулардың шекті бағасынан аспауға тиіс. Ас беруге байланысты шығындарды өтеу кезінде спирт ішімдіктерін сатып алу үшін жұмсалған шығындар өтелуге жатпайды» сілтеме жасап, өмірден өткен марқұмға арнап 40 күндік ас беруге жұмсалатын соманың өндірілмейтіндігі жайлы қорытынды жасайды.

«Ия, болады»

Астана қаласының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2013 жылдың 28 мамырындағы №2а-2451/2013 қаулысы

Талап қоюшылар С.С., пен С.А., 2011 жылдың 27 қаңтарында ауруханада ем алып жатқан С.М-ның қайтыс болуына байланысты келтірілген материалдық және моральдық зиянды «№2 қалалық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығы негізіндегі мемлекеттік кәсіпорын мен «Астана қаласының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінен өндіріп алу туралы талабымен сотқа жүгінді. Науқасқа ем жүргізген дәрігерлердің емдеу барысында салғырттық жібергендігі жайлы сараптама қорытындыларына сілтеме жасап, бірінші сатыдағы сот талапты ішінара қанағаттандырады. Атап айтқанда, өмірден өткен адамның жылына байланысты берілген асқа жұмсалған қаражатты да өндіру жайлы байлам жасалады. Бұл ұстаным апелляциялық сот тарапынан да қуатталды.

Қорытынды. Отандық сот практикасындағы бірізділік талабының сақталынабауы шындығында, қоғамның сот билігіне деген сеніміне селкеу түсіретін жағдай болып тұр. Себебі, бір құқықтық сауал бойынша Талдықорғандағы не Оралдағы сот бір жауап ұсынса, ал, дәл осы сауал бойынша Қызыордадағы не Семейдегі сот басқа кереғар мазмұндағы жауапты ұсынса, бұқара халық не ойламақ?! Осы арқылы өзіміз сот корпусындағы жемқорлық, «бармақ басты, көз қысты» жағдайлар туралы ел арасындағы әралуан алып-қашпа әңгімелердің таралуына қолдан жағдай жасап береміз. Енді, бұл жағдайдың емі не болмақ. Біріншіден, отандық құқық факультеттерінің профессорлары мен оқытушылар құрамы зерттеу жүргізудегі белсенділігін арттырғаны жөн. Өз кемшілігімізді өзіміз түзетпесек, алыстан келіп ешкімнің түзетпейтіні белгілі. Бұл ретте, ҚР ЖС аналитикалық бөлімдеріндегі қызметкерлер де белсенділік танытып, зерттеу жүргізіп жатқан профессорлар және оқытушылармен байланысқа шыққаны жөн болар еді. Сөйтіп, ортақ бірлескен жобалар жолға қойылса, жоғарыда сипатталған және өзге де олқылықтарды түзету мүмкіндігі арта түскен болар еді. Екіншіден, бұл олқылықтардың отандық сот практикасында орын алуына ҚР АҚ мәтініне комментарий әзірлеу жұмыстарының жолға қойылмағандығында жатыр деп пайымдаймыз. Мысалы, нарықтық экономикада ертеден келе жатқан шет елдердің тәжірибесіне қарар болсақ, өзін беделді санайтын сол елдегі әрбір құқық факультетінің Азаматтық кодекске берген дербес комментарий жинақтары бар. Осы шаруалардың атқарылуы отандық сот практикасында орын алып жатқан «кереғар байламдар» мәселесінің оң шешілуіне және бірізділік талабының орнығуына оң ықпал етеді деп үміттенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Карпетов А.Г. Роль правовых позиций высшего суда в унификации судебной практики // <https://www.youtube.com/watch?v=M6xD76BKMpE&t=149s>
2. Верховенство права и проблемы его обеспечения в правоприменительной практике: международная коллективная монография. 2-е изд., перераб. - М.: Статут, 2010. - 432 с.

REFERENCES

1. Karapetov A.G. Rol' pravovykh pozicij vysshego suda v unifikacii sudebnoj praktiki // <https://www.youtube.com/watch?v=M6xD76BKMpE&t=149s>
2. Verhovenstvo prava i problemy ego obespechenija v pravoprimeritel'noj praktike: mezhdunarodnaja kollektivnaja monografija. 2-e izd., pererab. - M.: Statut, 2010. - 432 s.